

## БАСПАСӨЗ МӘЛІМДЕМЕСІ

### «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ 2011 жылдың тоғыз айындағы қаржылық нәтижелері

Астана, 14 қараша 2011 ж. «КазМұнайГаз» Барлау Өндіру» АҚ (бұдан әрі – «ҚМГ БӨ», «Компания») 2011 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз айдағы топтастырылған қаржылық есебін жариялады.

- Таза пайда 165 млрд. теңгені (1 126 млн. АҚШ доллары)<sup>1</sup>, ал бір акцияға шаққандағы пайда 2 280 теңгені (бір ЖДҚ үшін 2,6 АҚШ доллары) құрап, 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда тиісінше 5 %-ға және 6 %-ға артты.
- Компанияның 2011 жылдың алғашқы тоғыз айындағы нәтижелеріне негізінен 2011 жылдың мамыр-тамыз айларында «Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалында (бұдан әрі – ӨМГ) болған заңсыз наразылық акциясы салдарынан мұнай өндіру мен экспорттың көлемінің азаюы, 2011 жылдың екінші тоқсанында айыппұлдар мен өсімпұлдардың есептелуі және салықтардың артуы әсер етті.
- Brent маркалы мұнайдың орташа бағасы 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, барреліне 77 АҚШ долларынан 112 АҚШ долларына дейін көтеріліп, 46 %-ға өсті.

### Өндірістік көрсеткіштер

2011 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ «Қазгермұнай» БК» ЖШС (бұдан әрі Қазгермұнай, ҚГМ), ССЕЛ (бұдан әрі – Қаражанбасмұнай, ССЕЛ) және «ПетроҚазақстан Инк.» (бұдан әрі - ПҚИ) компанияларындағы үлестерді есепке алғанда, 9 207 мың тонна мұнай (тәулігіне 250 мың баррель) өндірілді, бұл 2010 жылдың сәйкес кезеңіндегіден 739 мың тоннаға немесе 7 %-ға аз.

«Өзенмұнайгаз» өндірістік филиалы (бұдан әрі - ӨМГ) 3 789 мың тонна (тәулігіне 102 мың баррель) мұнай өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегіден 685 мың тоннаға кем. «Ембімұнайгаз» ӨФ (бұдан әрі – ЕМГ) 2 103 мың тонна (тәулігіне 57 мың баррель) мұнай өндірілді, бұл өткен жылдың сәйкес кезеңіндегіден 21 мың тоннаға артық. Соның арқасында ӨМГ және ЕМГ жалпы өндіру көлемі 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында 5 891 мың тонна (тәулігіне 159 мың баррель) құрап, 2010 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 664 мың тоннаға немесе 10 %-ға кем. Тоғыз айдың өндіру нәтижелеріне 2011 жылдың наурыз-сәуір айларында ауа-райының қолайсыздығынан кен орындарында электр қуатын шектеу, апатты сөну жағдайлары, сондай-ақ ӨМГ-дегі наразылық акциясы кері әсер етті.

Компанияның жылдық өндіру жоспарына әсері филиалдың өндірістік қызметінің қаншалықты жедел қалпына келуіне байланысты болмақ. Қазіргі таңда тұрақты өндірістік процесс қалпына келтірілді, қолға алынған шаралардың арқасында тәуліктік мұнай өндіру көлемінің ұлғаю қарқыны байқалады. Жыл соңында жоспардан қалып қою шамамен 1 150

---

<sup>1</sup> Сума АҚШ долларына тек оқырмандарға ыңғайлы болуы ескеріліп пайдалар мен шығындар туралы жиынтық есептер мен ақша қаражатының қозғалысы туралы жиынтық есептер үшін тиісті кезеңдегі орташа айырбас бағамы бойынша және (орташа бағамдар: 146,19 теңге/АҚШ долл. – 9 ай 2011ж, 147,31 теңге/АҚШ долл. – 9 ай 2010 ж; кезең соңындағы бағамдар: 146,87 теңге/АҚШ долл. – 2011 1 жж, 147,46 теңге/АҚШ долл. –2010 1 жж) жиынтық баланстар үшін кезеңнің соңындағы бағам бойынша ауыстырылды

мың тоннаны немесе ҚМГ БӨ жалпы өндіру көлемінің (жоспар асыра орындалады деп күтіліп отырған кейбір бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерді қосқанда) 8,5%-ын құрауы мүмкін. Бұл бағалау жыл соңына дейін айтарлықтай тұрақты өндірістік процестің бұзылмауын қарастырады.

«Өзенмұнайгаз» және «Ембімұнайгаз» өндірістік филиалдары экспорттық жеткізілімдерінің көлемі 4 365 мың тонна (тәулігіне 118 мың баррель), ал ішкі рынокқа жеткізілімдері 1 409 мың тонна (тәулігіне 38 мың баррель) құрады. Наразылық акциясы салдарынан өндіруді жоғалту негізінен шикі мұнайдың экспортына әсер етеді, осылайша, 2011 жылдың үшінші тоқсанында экспорт 2010 жылдың үшінші тоқсанымен салыстырғанда 37 %-ға төмендеді.

2011 жылдың тоғыз айында ҚМГ, ССЕЛ, ПҚИ және НБК компанияларының өндіруіндегі ҚМГ БӨ үлесі 3 316 мың (күніне 91 мың баррель) тоннаны құрады, бұл өткен жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда, 75 мың тоннаға немесе 2 %-ға аз.

ҚМГ, ССЕЛ и ПҚИ компанияларының сату көлемдеріндегі ҚМГ БӨ үлесі компаниялардың жалпы сату көлемінің 82 %-ын құрайтын сыртқа шығарылған 3 048 мың тонна (тәулігіне 84 мың баррель) мұнайды қосқанда, 3 719 мың тонна (тәулігіне 102 мың баррель) мұнайды құрады. ПҚИ-дың сату көлемдері алмастыру мәмілелері бойынша үшінші тұлғалардан сатып алынған мұнайдан шығарылған мұнай өнімдерінің көлемдерін қамтиды.

### **Кезеңдегі Таза Пайда**

2011 жылдың алғашқы тоғыз айындағы таза пайда 165 млрд. теңге (1 126 млн. АҚШ доллары) құрап, 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда, 5 %-ға артты. Бұл негізінен заңсыз наразылық акциясы салдарынан мұнай өндіру деңгейінің төмендеуімен, операциялық салықтардың, өндірістік шығындардың және сату шығындары мен әкімшілік шығындардың артуымен ішінара өтелген мұнай бағасының қымбаттауымен түсіндіріледі.

### **Мұнай сатудан түскен кірістер**

2011 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ-нің мұнай сатудан түскен кірісі 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 23 %-ға артып, 536 млрд. теңгені (3 669 млн. АҚШ долларын) құрады. Бұған мұнайдың орташа сату бағасының 38 %-ға – тоннасына 67 170 теңгеден (барреліне 63,05 АҚШ долларынан) 92 888 теңгеге (барреліне 87,89 АҚШ долларына) дейін көтерілуі себеп болды, бұл өндіру деңгейінің төмендеуі салдарынан экспорттың төмендеуімен ішінара өтелді.

### **Табыс салығынан басқа салықтар**

Табыс салығынан басқа салықтар 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында 218 млрд. теңге (1 491 млн. АҚШ долларын) құрады, 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 74 %-ға көп. Операциялық шығындардың өсуінің айтарлықтай үлесі мұнай бағасының қымбаттауы нәтижесінде ренталық салық пен пайдалы қазбаларды өндіру салығын (ПҚӨС) төлеу шығындарының артуымен, сондай-ақ тоннасына 20 АҚШ доллары көлемінде 2010 жылдың 16 тамызында қолданысқа енгізілген және 2011 жылдың 1 қаңтарынан бастап 40 АҚШ долларына дейін көтерілген экспорттық кедендік баж салығының шығындарымен түсіндіріледі. Сондай-ақ, 2011 жылдың екінші тоқсанында Компания өзінің есебінде 15 млрд.теңгені (105 млн. АҚШ долларын) экспорттық кедендік баж салығының («Айыппұлдар мен өсімпұлдар» бабы бойынша дер кезінде төленбеген 2,3 млрд. теңге мөлшеріндегі экспорттық кедендік баж салығына есептелген өсімпұлды есептемегендегі негізгі сома) шығыстары ретінде көрсетті. Бұл 2009 жылы ренталық салық төленген мұнай көлемдеріне

қатысы болмауы тиіс экспорттық кедендік баж салығын төлеуге қатысты Жоғарғы соттың теріс шешіміне байланысты болды (толығырақ ҚМГ БӨ-нің 2011 жылдың 28 маусымы күнгі баспасөз мәлімдемесін қараңыз).

### **Өндірістік шығындар**

Өндірістік шығындар 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында 88 млрд. теңге (601 млн. АҚШ доллары) құрады, бұл 2010 жылдың сәйкес кезеңіндегіден 9%-ға көп. Операциялық шығындардың өсуінің айтарлықтай үлесі қызметкерлерге төлем жасау шығындары мен жөндеу және қызмет көрсету шығындарының артуымен түсіндіріледі. 2010 жылдың 1 маусымынан бастап Компания өндірістік филиалдары жұмыскерлерінің жалақысының артуымен, сондай-ақ 2011 жылдың 1 қаңтарындағы жылдық индексацияның нәтижесінде қызметкерлерге төлем жасау жөніндегі шығындар көбейді. Жөндеу және қызмет көрсету шығындарының артуы заңсыз наразылық акциясының салдарынан есепті кезеңде жөндеуден өткен ұңғымалар санының қысқаруымен ішінара өтелген бір ұңғымаға шаққанда жөндеу құнының қымбаттауына байланысты болды. Материал шығындары жөнделген ұңғымалар санының қысқаруына байланысты төмендеді.

### **Сату шығындары мен әкімшілік шығындар**

Сату шығындары мен әкімшілік шығындар 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында 76 млрд. теңге (523 млн. АҚШ доллары) құрап, 2010 жылдың сәйкес кезеңіндегіден 10 %-ға артты. Шығындардың артуына айыппұлдар мен өсімпұлдар, әлеуметтік жобалардың шығындарының артуы себеп болды.

Айыппұлдар мен өсімпұлдар төлеу шығындарының артуы 2004-2005 жылдардағы салықтық тексерулер бойынша даудың нәтижесінде айыппұлды мойындау, 2009 жылы экспорттық кедендік баж салығын дер кезінде төлемегені үшін өсімпұлға және экологиялық айыппұлдың бағалау сомасының есептелуіне байланысты болды.

Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Салық комитеті 2009 жылы Компанияның 2004 және 2005 жылдардағы қызметіне салықтық тексеру жүргізді. Тексерудің нәтижесінде салық органы 32 млрд. теңге мөлшерінде қосымша төлемдер сомасын есептеді, оның ішінде 16 млрд. теңге – салықтар сомасын, 8 млрд. теңге – салықтық құқық бұзушылыққа салынған әкімшілік айыппұлды (салық сомасының 50 % мөлшерінде белгіленеді), ал 8 млрд. теңге – уақтылы төлемегенге салынған өсімпұлды құрайды.

Компания түрлі инстанцияларға бірнеше апелляциялық шағым түсірді, соның нәтижесінде есептелген салық пен уақтылы төленбегені үшін өсімпұлдың сомасы алдымен 10,7 млрд. теңгеге және 3,8 млрд. теңгеге, кейіннен 8,6 млрд. теңгеге және 2,6 млрд. теңгеге азайтылды. Компания аталған сомаларды 2010 жылы бұрын құрылған провизияны пайдалана отырып, толықтай төледі. Алайда, Қаржы министрлігі есептелген салық пен уақтылы төленбегені үшін өсімпұлдың сомасы алдымен 10,7 млрд. теңге және 3,8 млрд. теңге деңгейінде қайта қалпына келтіру туралы қарсы шағым-арыз берді. 2011 жылдың 27 сәуірінде Жоғарғы Сот Қаржы министрлігінің талап-арызын қанағаттандырды, және ҚМГ БӨ 2011 жылдың екінші тоқсанында 3,3 млрд. теңге (23 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі айырманы, сондай-ақ 5,4 млрд. теңге (37 млн. АҚШ доллары, 10,7 млрд. теңге мөлшеріндегі есептелген салық сомасының 50 %) мөлшеріндегі әкімшілік айыппұлды есептеді. Компания өзінің апелляциялық шағымның қанағаттандырылатынына сенгендіктен, әкімшілік айыппұлды төлеу үшін провизия жасаған жоқ. Сонымен бірге, Компания Жоғарғы сотта 2004-2005 жылдардың салықтық тексерудің нәтижелерін даулауды жалғастыруда.

2011 жылдың бірінші тоқсанында 2,8 млрд. теңге мөлшеріндегі экологиялық айыппұл бойынша бағалауды есептеу 2010 жылдың соңында Прорва кенорындары тобында газ жағуға және тиісті рұқсатты алудың мүмкін болмағанына байланысты болды. Компания 2011 жылдың бірінші тоқсанында қаржылық есебінде бағалау сомасын есептеді. Компания облыстық сотқа апелляциялық шағым түсірмек ниетте. 2011 жылдың наурыз айында тиісті рұқсат алынды.

Әлеуметтік жобалар шығындарының артуы негізінен әлеуметтік нысандардың салынуына және Орал қаласына тасқын салдарымен күрес жүргізу үшін қаржылық көмек көрсетумен байланысты болды.

### **Ақша ағымдары**

Операциялық қызметтен ақша ағымдары 2010 жылдың сәйкес кезеңіндегі 76 млрд. теңгемен (518 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 2011 жылдың тоғыз айында 110 млрд. теңге (752 млн. АҚШ доллары) құрады. Бұл мұнай бағасының қымбаттауына, 2010 жылдың бірінші жартыжылдығында табыс салығын қайта төлеуге, 2011 жылы қайталанбаған, 2011 жылдың бірінші жартыжылдығында табыс салығын қайта төлеуге және айналымдағы капиталдың азаюына байланысты болды.

### **Күрделі салымдар**

2011 жылдың алғашқы тоғыз айындағы күрделі салымдар (ақша қаражатының қозғалысы туралы есепке сәйкес материалдық емес активтерді сатып алу шығындарын қоспағанда) 67 млрд. теңгені (462 млн. АҚШ доллары) құрады, оның ішінде 56 млрд. теңгесі (385 млн. АҚШ доллары) өндіру деңгейін ұстап тұруға, ал 11 млрд. теңгесі (77 млн. АҚШ доллары) барлау және жете барлау жұмыстарына жұмсалды. 2011 жылға арналған күрделі салымдары жоспарына сәйкес, күрделі салымдар 2010 жылдың осындай кезеңімен салыстырғанда 30 %-ға артты. Күрделі салымдардың артуына пайдалану ұнғымаларын бұрғылау көлемін 213-тен 239 ұнғымаға дейін арттыру және геологиялық барлау жұмыстарының күрделі салымдарының артуы себеп болды<sup>2</sup>.

Негізгі құралдар мен материалдық емес активтерді сатып алу «Ural Group Limited» (UGL) компаниясына 1,2 млрд. теңге (83 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі займ түріндегі қосымша инвестицияны қамтымайды.

### **Акционерлерге төлем**

Компания 2011 жылдың 5 мамырында 57 млрд. теңге (389 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі жылдық дивидендті жариялады, оның ішінде 34 млрд. теңгесі (236 млн. АҚШ доллары) ҚМГ ҰК Облигациясы жөніндегі міндеттемелерді жабу үшін есептелді.

Алғашқы тоғыз айда ҚМГ БӨ 10,3 млрд. теңге (71 млн. АҚШ долларына) сомасына 538 925 артықшылықты акциясыларды қайта сатып алды. Артықшылықты акцияларды қайта сатып алу басталғаннан 2011 жылдың 30 қыркүйегіне дейін Компания 35 млрд. теңгеге (235 млн. АҚШ доллары) 1 885 138 артықшылықты акция (артықшылықты акциялардың жалпы санының 46 %) сатып алды.

### **Ақша қаражаттары және займдар**

---

<sup>2</sup> Геологиялық барлау жұмыстары бойынша толық ақпаратты ОФР-ден қараңыз

2011 жылдың 31-қыркүйегінде ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтерінің сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 99 млрд. теңгемен (668 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 143 млрд. теңге (965 млн. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31 қыркүйегіндегі басқа да қаржы активтерінің сомасы 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 600 млрд. теңгемен (4,1 млрд. АҚШ доллары) салыстырғанда, 545 млрд. теңге (3,7 млрд. АҚШ доллары) құрады. Басқа қаржы активтері «ҚазМұнайГаз» Ұлттық компаниясы шығарған қарыз құралын (бұдан әрі Облигация), депозиттерді және басқа да қаржы активтерін қамтиды.

Бұған дейін жарияланған ақпаратқа сәйкес, 2010 жылдың 16 шілдесінде Компания 2013 жылға дейінгі айналым мерзімімен және 7 %-дық жылдық купонмен 221,5 млрд. теңге (1,5 млрд. АҚШ доллары) сомасындағы ҚМГ ҰК Облигациясын сатып алды. 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ ҰК Облигациясынан есептелген пайыздық кіріс 10,8 млрд. теңге (74 млн. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31-қыркүйегіндегі жағдай бойынша депозиттер мен ақша қаражаттарының (Облигацияны қосқанда) 82%-ы шетел валютасында, ал 18%-ы теңгеде қайта номинацияланды. Банктердегі депозиттерден есептелген пайыздық кіріс 2011 жылдың алғашқы тоғыз айында 8,1 млрд. теңге (55,6 млн. АҚШ доллары) құрады.

2011 жылдың 31 қыркүйегі күнгі Компанияның займдары 2010 жылдың 31 желтоқсаны күнгі 123 млрд. теңгемен (831 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда 87 млрд. теңге (586 млн. АҚШ доллары) құрайды. Компанияның займдары сомасы ПҚИ-дағы үлестің 33 %-ын сатып алу үшін ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясынан кері қайтарып алу құқығынсыз алынған 78,7 млрд. теңге (532 млн. АҚШ долларын) қамтиды. Мәміле шарттарына сәйкес, 2011 жылдың 5 шілдесі күні Компания 34 млрд. теңге (234 млн. АҚШ доллары) және 4,7 млрд. (32 млн. АҚШ доллары) сомасында негізгі қарыздың бір бөлігін және ҚМГ ПҚИ Қаржы Б.В. компаниясынан ноталары бойынша есептелген пайызды төледі.

Таза ақша қаражаттарының сомасы<sup>3</sup> 2010 жылдың 31 желтоқсанындағы 576 млрд. теңгеге (3,9 млрд. АҚШ доллары) қарағанда, 2011 жылдың 31 қыркүйегінде 601 млрд. теңге (4,1 млрд. АҚШ доллары) құрады.

### **Стратегиялық сатып алулардың үлесі**

2011 жылдың алғашқы тоғыз айында қауымдасқан компаниялардағы және бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардағы үлестерден түскен кіріс 2010 жылдың сәйкес кезеңінде алынған 46 млрд. теңгемен (310 млн. АҚШ доллары) салыстырғанда, 70 млрд. теңгені (477 млн. АҚШ доллары) құрады. Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріне негізінен 2010 жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда мұнай бағасының қымбат болуы әсер етті.

### **Қазгермұнай**

2011 жылдың алғашқы тоғыз айында ҚМГ БӨ Қазгермұнай компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 30,0 млрд. теңге (260 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 6,4 млрд. теңге (44 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнынан сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігін және 2,0 млрд. теңге (14

<sup>3</sup> Есепті кезеңнің соңындағы жағдай бойынша займдарды алып тастағанда ақша қаражаттары, олардың баламалары және басқа да қаржы активтерінің (Облигацияны қосқанда) сомасы ретінде есептеледі

млн. АҚШ доллары) сомасына бөлінген табыс салығы амортизациясы сомасын және 2,8 млрд. теңге (19 млн. АҚШ доллары) сомасындағы пайдаға бөлінген салық бойынша активтерді қайта бағалауды алып тастағанда, Қазгермұнайдың 35,8 млрд. теңге (245 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 50 % үлесін білдіреді.

ҚГМ таза пайдасы есепті кезеңде өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 34 %-ға өсті, бұл мұнай бағасының артуымен қатар, 2011 жылы қолданыстағы келісімшарттардың аясында ішкі рынокқа жеткізілімдер бойынша міндеттемелерді орындау мақсатында шикі мұнайды сатып алу және жеткізу құрылымдарын оңтайландыруға байланысты болды. Бұл 2008 жылдың желтоқсанындағы жеткізу көлемдеріне қатысты экспорттық кедендік баж салығын төлеуге байланысты есептелген айыппұлмен, сондай-ақ 2010 жылдың 16 тамызында тоннасына 20 АҚШ долларынан енгізіліп, 2011 жылдың 1 қаңтарынан тоннасына 40 АҚШ долларына дейін көтерілген экспорттық кедендік баж салығын шығындарымен ішінара өтелді.

2011 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай ішінде Компания ҚГМ-дан 36,6 млрд. теңге (250 млн. АҚШ доллары) сомасында дивиденд алды.

#### ПетроҚазақстан Инк.

2011 жылдың тоғыз айында ҚМГ БӨ ПҚИ компаниясының қатысуындағы өзінің үлесінен 39,4 млрд. теңге (270 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі кірісті таныды. Аталған сома 8,6 млрд. теңге (59 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі активтердің баланстық құнының сатып алу бағасының артуына амортизация тиімділігі сомасын алып тастағанда, ПҚИ-дің 48,0 млрд. теңге (210 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі таза пайдасындағы Компанияның 33 % үлесін білдіреді.

Есепті кезеңдегі ПҚИ-дың таза пайдасы өткен жылдың сәйкес кезеңімен салыстырғанда 76 %-ға артты. Бұл мұнай бағасының артуымен қатар, негізінен есепті кезеңде «Торғай Петролеум» АҚ нәтижелерінің 50 %-ның бірігуі себеп болды. (Толығырақ ҚМГ БӨ-нің 2010 жылдың 20 тамыз күнгі баспасөз мәлімдемесін қараңыз).

2011 жылдың 30 қыркүйегінде аяқталған тоғыз ай ішінде Компания ПҚИ-дан 19,2 млрд. теңге (132 млн. АҚШ доллары) сомасында дивиденд алды.

#### CCEL

Компания 2011 жылдың 31 қыркүйегіндегі жағдай бойынша өзінің балансында 22,7 млрд. теңгені (153 млн. АҚШ долларын) қытайлық CITIC Group компаниясымен бірлесіп бақылайтын кәсіпорын CCEL компаниясынан алынатын шот ретінде көрсетті. 2011 жылдың тоғыз айында ҚМГ БӨ 26,87 млн. АҚШ доллары мөлшеріндегі CCEL компаниясынан алынатын жылдық басымдықты кірістің бір бөлігін білдіретін 2,2 млрд. теңге (15,1 млн. АҚШ доллары) мөлшеріндегі пайыздық кірісті есептеді.

\*\*\*

2010 жылдың 31-маусымында аяқталған үш ай үшін қысқартылған топтастырылған аралық қаржылық есеп Компанияның Интернет-сайтында ([www.kmgep.kz](http://www.kmgep.kz)) жарияланатын болады.

## ҚОСЫМША<sup>4</sup>

### Жиынтық кіріс туралы қысқартылған топтастырылған есеп (тексерілмеген)

Мың теңгемен

	30 қыркүйекте аяқталған үш ай үшін		30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
	2011	2010	2011	2010
Кірістер	145.688.364	148.424.375	545.746.589	445.029.541
Қауымдасқан компаниялар мен бірлескен кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	21.185.198	26.766.141	69.764.173	45.614.188
Қаржылық кіріс	6.801.450	9.008.556	22.176.668	29.872.049
<b>Түсім мен басқа кірістердің жиыны</b>	<b>173.675.012</b>	<b>184.199.072</b>	<b>637.687.430</b>	<b>520.515.778</b>
Өндірістік шығындары	(25.148.870)	(30.229.982)	(87.846.628)	(80.685.570)
Сату және әкімшілік шығындары	(17.162.683)	(27.342.965)	(76.426.969)	(69.536.379)
Барлау шығындары	(1.951.378)	(434.155)	(2.629.466)	(900.002)
Ескіру, тозу және амортизация	(11.308.128)	(8.899.214)	(32.892.409)	(25.289.054)
Табыс салығынан басқа салықтар	(56.127.601)	(42.387.635)	(217.998.560)	(125.430.750)
Негізгі құралдарды шығарудан түскен шығындар	(1.269.323)	(762.306)	(3.397.787)	(1.324.747)
Қаржыландыру шығындары	(1.676.086)	(1.793.556)	(5.464.603)	(5.737.498)
Бағамдық айырмашылық кірістері / (шығыстары)	5.466.945	(376.506)	731.307	(3.213.615)
<b>Салық салғанға дейінгі табыс</b>	<b>64.497.888</b>	<b>71.972.753</b>	<b>211.762.315</b>	<b>208.398.163</b>
Табыс салығы шығындары	(14.187.380)	(15.198.530)	(47.113.672)	(51.589.834)
<b>Кезеңдегі пайда</b>	<b>50.310.508</b>	<b>56.774.223</b>	<b>164.648.643</b>	<b>156.808.329</b>
Шетелдік операцияларды қайта санаудан бағамдық айырмашылық	2.282.269	(101.314)	1.471.344	(682.985)
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістер/(шығыстар)</b>	<b>2.282.269</b>	<b>(101.314)</b>	<b>1.471.344</b>	<b>(682.985)</b>
<b>Салықтарды шегергендегі кезеңдегі басқа жиынтық кірістердің жиыны</b>	<b>52.592.777</b>	<b>56.672.909</b>	<b>166.119.987</b>	<b>156.125.344</b>
<b>БІР АКЦИЯҒА ПАЙДА</b>				
Базалық және молайтылған	0,70	0,79	2,28	2,16

<sup>4</sup> Қосымшаға енгізілген қаржылық көрсеткіштерді есептеу кезінде жекелеген сандар дөңгелектендірілді. Соның нәтижесінде кейбір кестелердің «жиыны» деген бағанындағы сандар олардың алдындағы сандарды қосудың нәтижесімен сәйкес келмеуі мүмкін.

## Қаржылық жағдай туралы қысқартылған аралық қаржылық есеп

Мың теңгемен

	2011 жылдың 30 қыркүйегі (тексерілмеген)	2010 жылдың 31 желтоқсаны (тексерілген)
<b>АКТИВТЕР</b>		
<b>Ұзақ мерзімді активтер</b>		
Негізгі құралдар	328.808.409	297.508.553
Материалдық емес активтер	18.398.370	15.185.859
Бірлескен кәсіпорындарға инвестициялар	107.876.420	96.737.910
Қауымдасқан компаниялар инвестициялар	160.491.113	139.952.442
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарыздары	18.371.627	19.153.089
Бірлескен кәсіпорындардан алынатын заемдар	8.063.809	–
Басқа қаржы активтері	188.067.152	221.825.818
Кейінге қалдырылған салық активтері	9.953.798	8.408.967
Басқа активтер	7.147.116	13.858.297
<b>Ұзақмерзімді активтер жиыны</b>	<b>847.177.814</b>	<b>812.630.935</b>
<b>Ағымдағы активтер</b>		
Тауар-материалдық қорлар	20.866.688	18.779.936
Өтелетін ҚҚС және салықтар бойынша алдын-ала төлеу	23.623.004	26.529.298
Болашақ кезеңдердің шығындары	13.952.374	27.815.083
Бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың дебиторлық қарыздары	74.532.480	65.529.767
Сауда және өзге дебиторлық қарыздар	4.286.545	1.203.834
Басқа қаржылық активтер	357.231.564	377.800.956
Ақша қаражаттары және оның баламалары	142.704.763	98.519.680
<b>Ағымдағы активтердің жиыны</b>	<b>637.197.418</b>	<b>616.178.554</b>
<b>Активтер жиыны</b>	<b>1.484.375.232</b>	<b>1.428.809.489</b>
<b>КАПИТАЛ</b>		
Жарғы капиталы	203.853.157	214.081.197
Басқа да капитал резервтері	2.051.510	1.739.901
Бөлінбеген кіріс	1.039.466.980	931.455.065
Басқа да капитал құрамдары	13.847.918	12.376.574
<b>жиыны капитал</b>	<b>1.259.219.565</b>	<b>1.159.652.737</b>
<b>МІНДЕТТЕМЕ</b>		
<b>Ұзақ мерзімді міндеттеме</b>		
Ағымдағы міндеттеме	32.972.479	62.286.045
Жиыны міндеттеме	896.408	1.829.852
<b>Ұзақ мерзімді міндеттемелер жиыны</b>	<b>39.000.374</b>	<b>35.625.247</b>
<b>Ағымдағы міндеттемелер</b>	<b>72.869.261</b>	<b>99.741.144</b>
Займдар	53.730.216	60.194.818
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салық	41.254.664	46.054.359
Сауда және кредиторлық қарыз	42.710.500	47.304.799
Резервтер	14.591.026	15.861.632
<b>Ағымдағы міндеттемелер жиыны</b>	<b>152.286.406</b>	<b>169.415.608</b>
<b>Міндеттемелер жиыны</b>	<b>225.155.667</b>	<b>269.156.752</b>
<b>Міндеттемелер және капитал жиыны</b>	<b>1.484.375.232</b>	<b>1.428.809.489</b>



## Ақша қаражаттарының қозғалысы туралы топтастырылған аралық қаржы есебі (тексерілмеген)

Мың теңгемен

	30 қыркүйекте аяқталған тоғыз ай үшін	
	2011	2010
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>		
Табыс салығына дейінгі пайда	211.762.315	208.398.163
Ақшалай емес баптарды қосу (алу) үшін түзетулер		
Ескіру, тозу және амортизация	32.892.409	25.289.054
Қауымдасқан компаниялар мен бірлесіп-бақыланатын кәсіпорындардың нәтижелеріндегі үлес	(69.764.173)	(45.614.188)
Негізгі құралдарды шағару шығындары	3.397.787	1.324.747
Негізгі құралдардың құнсыздануы	1.544.113	395.569
Нәтижесіз барлау ұңғымаларының шығындары мен активтерді барлау және бағалау	815.763	637.797
Үлестік құралдарға негізделген төлемдерді тану	311.609	198.076
Үлестік құралдарды алу	–	(3.115)
Операциялық емес қызметтен түскен бағамдық айырмашылықтың жүзеге аспаған шығындары	(2.314.702)	244.239
Басқа да ақшалай емес кірістер мен шығыстар	4.754.699	(199.461)
Плюс сыйақы шығындары	5.464.603	5.737.498
Минус инвестициялық қызметке жататын сыйақы шығыстары	(22.176.668)	(29.872.049)
Айналымдағы капиталды түзету		
Басқа активтердегі өзгерістер	(548.009)	539.767
Тауар-материалдық қорлардағы өзгерістер	(2.791.377)	(2.993.032)
Өтелетін ҚҚС мен салықтар бойынша алдын-ала төлемдегі өзгерістер	600.143	(7.044.843)
Берілген аванстар мен болашақ кезеңдердің шығындарындағы өзгерістер	13.941.931	(4.974.003)
Сауда және басқа да дебиторлық қарыздардағы өзгерістер	(8.926.986)	(11.807.363)
Сауда және басқа да кредиторлық қарыздардағы өзгерістер	(8.350.277)	775.646
Төленетін пайдалы қазбаларды өндіру салығы мен ренталық салықтағы өзгерістер	(4.799.695)	2.856.776
Резервтердегі өзгерістер	7.059.175	4.747.014
Төленген табыс салығы	(52.895.215)	(72.263.678)
<b>Операциялық қызметтен ақша қаражатының таза ағымдары</b>	<b>109.977.445</b>	<b>76.372.614</b>
<b>Инвестициялық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Негізгі құралдарды сатып алу	(57.827.531)	(50.619.016)
Негізгі құралдарды сатудан түскен түсім	655.169	222.735
Материалдық темес активтерді сатып алу	(9.643.372)	(1.226.857)
Бірлескен кәсіпорындардағы үлестерді сатып алу	(23.906.835)	–
Бірлескен кәсіпорынға берілген займ	(1.206.021)	–
Бірлескен және ассоциацияланған кәсіпорындардың алынған дивидендтер	55.919.130	51.285.572
ҚМГ ҰК үлестік құралына инвестиция сатып алу	–	(221.543.183)
ҚМГ ҰК үлестік құралына инвестиция ретінде алынған сыйақы	6.462.264	–
Өтеуге дейін ұстап қалынатын қаржылық активтерді сатып алу, нетто	28.910.168	227.690.997
Еншілес кәсіпорындарды сатып алудың соңғы төлемі, алынған ақша қаражаттарын шегеріп тастағанда	(416.265)	(8.612.755)
Алынған сыйақылар	3.701.402	27.800.084
<b>Инвестициялық қызметтен пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>2.648.109</b>	<b>24.997.577</b>
<b>Қаржылық қызметтен ақша ағымдары</b>		
Өзіндік акцияларды сатып алу	(10.328.056)	(14.776.905)
Займдарды өтеу	(34.957.372)	(14.072.152)
Компания акционерлеріне төленген дивидендтер	(19.210.241)	(47.967.857)
Төленген сыйақылар	(4.665.302)	(5.866.973)
<b>Қаржылық қызметке пайдаланылған ақша қаражаттарының таза ағымдары</b>	<b>(69.160.971)</b>	<b>(82.683.887)</b>
Ақша қаражаттары мен олардың баламаларының таза өзгерту	43.464.583	18.686.304
Жыл басындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары	98.519.680	107.626.368
ақша қаражаттары мен олардың баламалары бойынша бағамдық айырмашылық	720.500	6.065
<b>Жыл соңындағы ақша қаражаттары мен олардың баламалары</b>	<b>142.704.763</b>	<b>126.318.737</b>

Төменде 30 қыркүекте аяқталған 2011 жылдағы 9 айдағы көліктік және басқа да шығыстар есептеле отырып, мұнай және мұнай өнімдерін сату бағалары туралы деректер келтірілген:

<b>2011 жылдың 9 айы.</b> (АҚШ долл/барр)	<b>ӨАС</b>	<b>КҚК</b>	<b>Ішкі</b>	<b>Жиыны</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>5</sup>	111,89	111,89	-	n/a
Сатып алу бағасы	106,15	110,40	26,31	88,46
Сапа банкі	-	(9,28)	-	(2,74)
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,12)	9,34	-	2,30
<b>Сатылған баға<sup>6</sup></b>	<b>106,03</b>	<b>110,46</b>	<b>26,31</b>	<b>88,02</b>
Ренталық салық	24,98	24,52	-	18,75
Экспорттық кедендік баж салығы	5,10	5,10	-	3,85
Көліктік шығындар	7,70	7,55	1,36	6,08
Сату бойынша комиссия	0,07	0,07	-	0,05
<b>Нетбэк</b>	<b>68,18</b>	<b>73,20</b>	<b>24,95</b>	<b>59,28</b>

<b>2010 жылдың 9 айы.</b> (АҚШ долл/барр)	<b>ӨАС</b>	<b>КҚК</b>	<b>Ішкі</b>	<b>Жиыны</b>
Жарияланатын нарықтық баға <sup>5</sup>	76,73	76,73	-	n/a
Сатып алу бағасы	73,41	76,33	20,87	63,68
Сапа банкі	-	(6,71)	-	(1,94)
Баррелизация коэффициенті бойынша сыйақы	(0,18)	5,83	-	1,32
<b>Сатылған баға<sup>6</sup></b>	<b>73,23</b>	<b>75,45</b>	<b>20,87</b>	<b>63,06</b>
Ренталық салық	11,79	11,79	-	9,19
Экспорттық кедендік баж салығы	0,80	0,80	-	0,80
Көліктік шығындар	7,37	7,41	1,49	6,15
Сату бойынша комиссия	0,07	0,07	-	0,06
<b>Нетбэк</b>	<b>53,20</b>	<b>55,38</b>	<b>19,38</b>	<b>46,86</b>

<b>Анықтамалық ақпарат</b>	<b>9М11</b>	<b>9М10</b>
Орташа бағам US\$/ KZT	146,19	147,31
Балансты құру мерзіміндегі US\$/KZT бағамы	147,87	147,47
ҚМГ БӨ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,36
Қазгермұнай үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,70
ССЕЛ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		6,68
ПҚИ үшін баррелдерді мұнай тоннасына қайта есептеу коэффициенті		7,75

<sup>5</sup> Нарықтық баға ретінде Brent (DTD мұнай котировкасы қолданылды)

<sup>6</sup> Қаржылық есеп бойынша баға бір тонна үшін 7,23 баррель коэффициенті бойынша алынды

## АНЫҚТАМА

**ҚМГ БӨ** мұнай өндіру көлемі жағынан Қазақстанда көшбасшылардың үштігіне кіреді. Компанияның өндіру көлемі «Қазгермұнай» БК ЖШС мен CCEL («Қаражанбасмұнай») және «ПетроҚазақстан Инк.» компанияларындағы үлестерді есептегенде, 2010 жылы 13,3 млн. тоннаны (тәулігіне 270 мың баррель) құрады. ҚМГ БӨ-нің мұнайдың дәлелденген және болжамды қорларының көлемі 2010 жылдың соңындағы жағдай бойынша 232 млн. тоннаны (1,7 млрд. баррелді), ал еншілес компаниялардағы үлесті есептегенде 2,2 млрд. баррельден астамды құрайды. Компанияның жай және артықшылықты акциялары Қазақстан Қор Биржасында, ал ғаламдық депозитарлық қолхаттары – Лондонның Қор Биржасында листингтен өтті. 2006 жылдың қыркүйегіндегі IPO кезінде Компания 2 миллиардтан астам АҚШ долларын тартты. 2011 жылдың маусымында халықаралық Standard & Poor's агенттігі ҚМГ БӨ несиелік рейтингін «BB+» деңгейінде және 2011 жылдың қыркүйегінде GAMMA корпоративтік басқару рейтингін «GAMMA-6» деңгейінде растады.

### **Байланыстық ақпарат:**

«ҚМГ БӨ» АҚ, Жұртшылықпен байланыс (+7 7172 97 7600)

Дәулет Жұмаділ

e-mail: [pr@kmgep.kz](mailto:pr@kmgep.kz)

«ҚМГ БӨ» АҚ, Институционалдық инвесторлармен байланыс (+7 7172 97 5433)

Әсел Қалиева

e-mail: [ir@kmgep.kz](mailto:ir@kmgep.kz)

Pelham Bell Pottinger (+44 207 861 3147)

Елена Добсон

e-mail: [edobson@pelhambellpottinger.co.uk](mailto:edobson@pelhambellpottinger.co.uk)

### *Болашаққа қатысты мәлімдеме*

*Осы құжатта «болашаққа қатысты мәлімдеме» болып табылатын немесе есептелетін мәлімдеме қамтылған. Басқаларының арасындағы «санайды», «алдын ала бағалау бойынша», «күтіп отыр», «болжам бойынша», «ұйғарып отыр», «жоспарлап отыр», «ұйғарды», «болады» немесе «болуы тиіс» деген сөздерді қоса алғанда болашақты сипаттауға арналған терминология, не, әр жағдайда осыған ұқсас немесе пара-пар терминология, не талқылауға арналған сілтемелер, болашақ оқиғаның немесе ниеттің жоспарлары, мақсаттары, міндеттері келешекке қатысты мәлімдемені түсіндіруге арналған. Болашаққа қатысты аталған мәлімдеме тарихи фактілер болып табылмайтын барлық мәлімдемелерді қамтиды. Олар ниеттер, пікірлер туралы мәлімдемелерді және Компанияның солармен қатар қызметтің нәтижелеріне, қаржылық жағдайға, Компания жұмыс істеп отырған стратегиялар мен салалардың жойылымдылығына, перспективаларына, өсуіне қатысты күтулері туралы мәлімдемелерді шектеусіз қамтиды. Өз тұрғысында болашаққа қатысты өтінімдер олар болуы мүмкін келешектегі оқиғалар мен жағдайларға қатысты болғандықтан тәуекелмен және белгісіздікпен байланысты. Болашаққа қатысты мәлімдемелер қызметтің болашақ нәтижелерінің кепілдігі болып табылмайды және Компания қызметінің іс жүзіндегі нәтижелері, қаржылық жағдайы және қызметін тоқтатуы және Компания жұмыс істейтін елдер мен салалардың дамуы осы құжатта сипатталған нұсқалардан айтарлықтай өзгеше болуы немесе осы құжатта қамтылған болашаққа қатысты мәлімдемелерге сәйкес жүзеге асуы мүмкін. Компания жаңа ақпараттар алудың, болашақ оқиғалардың немесе қандай да бір өзге де жағдайдың нәтижесінде болса да осы құжатта қамтылған салаға қатысты қандай да болмасын ақпаратты немесе болашаққа қатысты қандай да болмасын мәлімдемені жаңартуды жоспарламайды және ол жөнінде өзіне міндеттеме алмайды. Компания болашаққа қатысты мұндай мәлімдемелерде айтылған нәтижелерге қол жеткізілетіндігіне қатысты ешқандай мәлімдеме жасасмайды, ешқандай растау бермейді және ешқандай болжам жарияламайды.*

## ПРЕСС-РЕЛИЗ

### АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» Финансовые результаты за первые девять месяцев 2011 года

Астана, 14 ноября 2011 г. АО «Разведка Добыча «КазМунайГаз» (далее – «РД КМГ», «Компания») опубликовало консолидированную финансовую отчетность за девять месяцев, закончившихся 30 сентября 2011 года.

- Чистая прибыль составила 165 млрд. тенге (1 126 млн. долларов США)<sup>1</sup> и прибыль на одну акцию – 2 280 тенге (2,6 доллара США на одну ГДР), увеличившись на 5% и 6%, соответственно, по сравнению с аналогичным периодом 2010 г.
- На результаты Компании в первые девять месяцев 2011 г. повлияли падение добычи и экспорта в результате незаконной акции протеста в производственном филиале «Озенмунайгаз» (далее – ОМГ), имевшей место в мае-августе 2011 г., рост налогов и начисление штрафов и пени во втором квартале 2011 г.
- Средняя цена нефти марки Brent в первые девять месяцев 2011 года была на 46% выше, чем в аналогичном периоде прошлого года, увеличившись с 77 долларов США за баррель до 112 долларов США за баррель.

#### Производственные показатели

В первые девять месяцев 2011 г. РД КМГ с учетом долей в ТОО «СП «Казгермунай» (далее – Казгермунай, КГМ), ССЕЛ (далее – Каражанбасмунай, ССЕЛ) и «ПетроКазахстан Инк.» (далее - ПКИ) добыла 9 207 тыс. тонн нефти (250 тыс. баррелей в сутки), что на 739 тыс. тонн или на 7% меньше, чем за аналогичный период 2010 г.

